

● **ПРЕЗИДЕНТ**

КОРОНАВИРУС ІНДЕТІНІҢ ТАРАЛУ ҚАУПІ СЕЙІЛГЕН ЖОҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтарды көпшілік жиналатын жерлерде қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырды. Бұл туралы Twitter парақшасында жазды.

«Коронавирус індетіне қарсы күрестегі оң нәтижеге қарамастан, оның таралу қаупі сейілген жоқ. Азаматтарды денсаулықтарына зиян келтірмеу үшін, әсіресе, көпшілік жиналатын жерлерде қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырамын. Карантин режимі жеңілдетілгенімен, әлі де сақтануға, – деп жазды Президент.

ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ – ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ

Кеше Президент Жарлығымен Әлихан Асханұлы Смайылов бұрынғы атқарған қызметінен босатылып, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалды.

Сондай-ақ, Ерулан Кенжебекұлы Жамаубаев Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің жауапты хатшысы қызметінен босатылып, Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметіне тағайындалды.

БЕЙСЕН ҚҰРАНБЕКТИҢ ОТБАСЫНА КӨҢІЛ АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі журналист, «Жетісу» телеарнасының директоры Бейсен Құранбектің қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтып, жеделхат жолдады. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында жазды.

«Белгілі журналист, танымал тележүргізуші Бейсен Құранбектің дүниеден өтуіне байланысты ауыр қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын. Бейсен Құранбек қазақ журналистикасында өзіндік орны бар, кәсіби қолтаңбасын қалыптастырған азамат еді. «Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы «Айтуға оңай», «Қарекет» бағдарламаларын жүргізіп, елдің ыстық ықыласына бөленді, халықтың алғысын алды. Ол Алматы облыстық «Жетісу» арнасының директоры ретінде білікті басшы, ұтқыр ұйымдастырушы екенін де көрсете білді. Марқұмның топырағы торқа, жатқан жері жайлы, иманы саламат болсын!» делінген жеделхатта.

● **ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ**

ОБЛЫС ӘКІМІ БАТЫРХАН ШӨКЕНОВТЫҢ АНАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова белгілі эңші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Батырхан Шөкеновтің анасы Дилира Ибрагимқызы Шөкенованы қабылдады. Көзі тірі болғанда халықтың сүйікті эңшісі күні кеше 58 жасқа толар еді. Кездесуде эңшінің анасы облыс әкіміне Батырхан туралы жарық көрген кітапты және әндер жинағын тарту етті.

Батырхан Шөкеновтің туған күніне орай облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бастамасымен және үйлестіруімен бірқатар мәдени шаралар ұйымдастырылуда. Сондай-ақ, жергілікті «Qyzylorda» телеарнасында тікелей эфир арқылы «Жана күн» бағдарламасынан арнайы сюжет көрсетілді, кешкі эфир мезгілінде көрермендер «Сағым дүние» концерті мен ұйымдастырылған флешмобты тамашалай алды.

Сонымен бірге, «СЫР ШАҢЫРАҒЫ» Youtube каналы мен әлеуметтік желілерде «Әуен-саздың шебері» тақырыбында бейнебаяншыларым көрсетіліп, «Сыр самалы» вокалды-аспапты ансамблі мен эстрада эңшілерінің «Мәңгі із-деймін» атты онлайн концерті өтуде.



Ауа райы болжамы

Синоптиктер 19-21 мамыр күндеріне арналған ауа райы болжамын жария етті. «Қазгидромет» РМК мәліметінше, алдағы күндері еліміздің басым бөлігінде жауын-шашынды болады.

«Алдағы күндері солтүстік-батыс циклонының және онымен байланысты фронталды бөліктердің өтуімен Қазақстанның басым аймақтарында тұрақсыз ауа райы сақталады. Солтүстік, шығыс және оңтүстік-шығыстың кей жерлерінде қатты жаңбыр жауады. Кей жерлерде найзағай,

тұман, дауыл, желдің күшеюі күтіледі, бұршақ болуы ықтимал. Ауа температурасының төмендеуі күтіледі, тек республиканың оңтүстігінде жоғарылайды» делінген хабарламада.

«СБ» ақпарат.

БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫ ТИІМДІ ЖҰМСАЛУЫ КЕРЕК

Газетіміздің өткен санында хабарлағанымыздай, сенбі күні облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың жұмыс сапары Қармақшы ауданында жалғасып, өңір басшысының төрағалығымен мәжіліс өтті. Онда аудан әкімі Мұса Қалдарбеков баяндама жасады. Облыс басшысы бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы».

– Өткен жылдың қорытындысымен облыста шағын және орта бизнес 418 млрд теңгенің өнімін өндірген болса, оның ішінде Қармақшы ауданының үлесі шамамен 2,2 процент ғана. Шағын және орта бизнесті дамыту, кәсіпкерлікке қолдау көрсету және мемлекеттік бағдарламаларды халық игілігіне пайдалану өте маңызды. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы бойынша бөлінген қаржыны тиімді пайдалану қажет. Бүгінгі күні осы бағдарлама аясында ауданға 3 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Бұл қаржы өз орнымен жұмсалып тиіс. Ауданда абаттандыру, көшелерді жарықтандыру, әлеуметтік нысандарды жөндеу бағытында барлығы 40 жоба іске асуда. Сондай-ақ, 800-ге жуық тұрғын жұмыспен қамтылады деп күтілуде. Басталған жұмыстарды уақытылы және сапалы аяқтаңыздар, – деп тапсырды облыс әкімі.

Мұнан соң өңір басшысы ІІІ Интернационал, Жаңажол ауылдарында болып, бірқатар нысандардың жұмысын көрді. Аймақта күріш өсіруде Жаңажол, Тұрмағанбет, ІІІ Ин-



Суретті түсірген: Барият ЕСКАНОВ.

тернационал, Ақжар сияқты ауылдардағы шаруашылықтар жетістігі өзгелерге үлгі болып келеді. Айта кету керек, былтыр облыстағы тіректі елді мекендер байқауында Қармақшы ауданының ІІІ Интернационал ауылы жеңімпаз атанып, 10 млн теңге сыйақы алған болатын. Ал биыл 90 жылдығын тойлағалы отырған «Жаңажол» ЖШС күріш өнімділігін арттыруда үздіктер сапында.

Аталған елді мекендердегі көктемгі егін науқанының жұмыстарымен танысқан облыс әкімі аудан әкіміне бірқатар тапсырма берді.

– Қармақшы ауданында биыл 22 920 гектарға егін егу межеленген. Көктемгі дала жұмыстарын жүргізуде аудандық әкімдік тарапынан қолдау көрсетілуі керек. Сондай-ақ қазіргі ахуалға қатысты міндетті түрде санитарлық талаптардың сақталуын қадағалаңыздар, – деді облыс басшысы.

Халықаралық отбасы күні қарсаңында төрт баланың анасы Гүлнар Қалибаеваға жаңа баспананың кілті табысталды. Осы кезге дейін шарасыздықтан вагонды паналаған отбасы «Баламекен» жобасы аясында салынған үйдің тұрғындары атанды.

КӨПБАЛАЛЫ АНАҒА БАСПАНА БЕРІЛДІ



Осыдан бірнеше жыл бұрын Гүлнар отағасынан айырылғанда төрт баламен қалған болатын. Бүлдіршіндерді жалғыз өсіру нәзік жаңға оңай емес әрі баспана басты мәселеге айналды. Тұрақты үйі болмағандықтан, бұл отбасы пәтер жалдап, соңғы кезде вагонды паналаған. Жалғызбасты анаға қолдау керек екенін алғашқы болып БАҚ пен әлеуметтік желілерде жергілікті тілшілер жазып, қайырымды жандар мәселе көтеріп, көмек қолын созған болатын.

Осы жағдайдан кейін, облыс әкімінің тапсырмасымен бұл шаңырақ әлеуметтік қолдау орталығына уақытша орналастырылып, мұнан кейін көпбалалы отбасыларға арналған баспананың кілтін ие болды. Рамазан айында Гүлнар мен балаларына ел ағалары, жанашыр жандар көмек көрсетуде. Біз хабарласқанымызда жана қонысқа көшіп жатқанын айтқан ана барлық тілеулес жандарға алғыс білдірді.

«СБ» ақпарат.



210 АДАМ АУРУДАН АЙЫҚТЫ

Дүйсенбіде облыста вирус жұқтырғандар саны 248-ге жетті. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов мәлімдеді.

– Өңірде жанадан коронавирус инфекциясын жұқтырған 2 наукас анықталды. Оның біріншісі індет жұқтырған наукаспен байланыста болған.



Екінші жағдай көпбейінді қалалық аурухананың фильр кабинетінен шықты. Қазіргі таңда олардың жағдайы тұрақты, бақылауда, – деді басқарма басшысы.

Осы күні аурудан айыққандар саны 210-ға жетті. Індетті жеңген 5 наукас та Қызылорда қаласынан.

Коронавирус инфекциясын жұқтырғандармен байланыста болған 3474 азамат анықталса, оның тікелей қарым-қатынаста болғаны – 1889, жанама қарым-қатынаста болғаны – 1585.

Барлығы 390 сынама алынды. Нәтижесінде 221-і теріс мәнді, екеуі он мәнді болды. Ал 167 сынама зерттелу үстінде.

«СБ» ақпарат.

Кезекші редактор **Айнұр БАТТАЛОВА.**